

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі көрсететін байланыс саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1152 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.02.2014 № 158 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 34-бабына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1, 15-2-баптарына және «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2), 3) тармақшаларына, 29-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 2) «Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 3) «Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты;
- 4) «Радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 1152 қаулысымен
бекітілген

«Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетімен (бұдан әрі – Комитет) көрсетіледі. Комитеттің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, интернет-ресурсы: www.mtc.gov.kz, телефон: 8 (7172) 74-03-64, факс: 8 (7172) 74-03-64.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: толық автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 8-бабы 1) тармағының 9) тармақшасы, «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 22, 42, 43, 45, 47-баптары негізінде және «Байланыс саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 513 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты: www.mtc.gov.kz интернет-ресурсында және құжаттарды қабылдау орнында ақпараттық стенділерде орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызмет нәтижесі осы стандартқа 2, 3-қосымшаларға сәйкес ресімделген Мемлекеттік лицензия және (немесе) лицензияға қосымшалар, лицензияның телнұсқасын немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан www.elicense.kz интернет порталының «Байланыс саласындағы лицензиялау» бөлімі арқылы электронды түрде дәлелді бас тарту болып табылады.

Өтініш беруші немесе лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда лицензия және (немесе) лицензияға қосымша электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады және Комитет мөрімен және басшысының қолымен расталады.

Егер лицензия қағаз жеткізгіште берілген болса, лицензиат телнұсқаны алмастан, оны өтініш бойынша электрондық форматқа аударуға құқылы.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

а) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағындағы қажетті құжаттарды тапсырған кезден бастап – 15 күнтізбелік күн;

б) мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық өтінім берілген кезден бастап - 15 күнтізбелік күннен аспайды;

2) қажетті құжаттарды тапсырған (тіркеген), электрондық сұрау салуды қалыптастырған кезде өтініш беруші берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты - 30 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

3) лицензия және (немесе) лицензия қосымшасын беру мерзімі – құжаттар берілген күннен бастап 15 жұмыс күнінен аспайды;

4) лицензия және (немесе) лицензия қосымшасын қайта рәсімдеу мерзімі – құжаттар берілген сәттен бастап 10 жұмыс күнінен аспайды;

5) лицензия және (немесе) лицензия қосымшасының телнұсқасын беру мерзімі құжаттар берілген сәттен бастап – 2 жұмыс күнінен аспайды.

8. Мемлекеттік қызметті көрсеткені үшін ақы төлеу «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 471-бабына сәйкес жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) Комитетте күн сайын жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, ж е к с е н б і ;

2) [www. elicense.kz](http://www.elicense.kz) порталында - тәулік бойы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алдын ала жазылу, сондай-ақ жеделдетілген қызмет көрсету болмайды.

10. Комитет ғимараты:

1) физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары б а р к і р е т і н е с і к п е н ;

2) құжаттарды қабылдау орны ақпараттық стенділермен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік лицензияны және оның қосымшасын алу үшін мемлекеттік қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес ресімделген, белгіленген үлгідегі ө т і н і ш ;

2) заңды тұлға үшін – жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариалды

куәландырған) көшірмелері;

3) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесін;

5) өтініш берушінің салық органында есепте тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін;

6) қызметтің жеке түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесін;

7) «Байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 513 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну олардағы ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) мәліметтер нысанынан алу мүмкін болған жағдайда, талап етілмейді.

Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес ресімделген, белгіленген үлгідегі өтініш;

2) «Байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 513 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Лицензия және (немесе) лицензия қосымшасын қайта рәсімдеу үшін төмендегі құжаттарды ұсыну қажет:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшасының телнұсқасын алу үшін төмендегі құжат қажет:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін растайтын құжат.

12. Құжаттардың үлгілері Комитетте арнайы ақпараттық стенділерде және www.elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында санамаланған құжаттар Комитет кеңсесіне қағаз немесе www.elicense.kz интернет-ресурсына ұсынылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға құжаттар ұсынылғаннан кейін кіріс нөмірі мен қабылданған күні көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

Құжаттар www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жолданған жағдайда мемлекеттік қызметті алушы электрондық нысанда хабарлама алады.

15. Комитет мемлекеттік қызметті алушыдан құжаттарды алғаннан сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтылығы мен дұрыстығын тексереді.

Құжаттар толық ұсынылмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда Комитет сәйкесінше мемлекеттік қызметті алушыға ұсынылған құжаттарды қарастырудан бас тарту туралы хабарлама береді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады, егер:

1) субъектілердің осы санаты үшін Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған қызметтің жекелеген түрімен айналысу;

2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмеу;

3) мемлекеттік қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

4) мемлекеттік қызметті алушыға қатысты оның қызметтің жекелеген түрімен айналысуына тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың өтініш берушіге лицензия алуға тыйым салуы болып табылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Комитеттің қызметі адамның конституциялық құқықтарының, жүктелген функциялардың орындалу кезінде заңдылықтардың сақталуына негізделеді және әдептілік, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық және жан-жақты ақпаратты ұсыну, тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметті көрсетуші Комитеттің жұмысы бағаланатын

мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Уәкілетті лауазымды адамдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және шағымды дайындауға жәрдемдескендерге шағымдану тәртібін түсіндіруді функциялары мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты Комитеттің қызметкерлері жүзеге асырады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелеріне шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Комитеттің лауазымды тұлғасынан алуға болады, № 767 кабинет, телефон: (8 7172) 74-03-64 не электрондық түрде – kanc@mtc.gov.kz мекенжайына беріледі.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Комитет Төрағасының атына жазбаша түрде пошта арқылы немесе Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8 мекенжайы бойынша қолма-қол беріледі, Комитет төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-03-24 не электрондық түрде – kanc@mtc.gov.kz мекенжайына.

Жұмыс кестесі күн сайын жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін, демалыс күндері сенбі, ж е к с е н б і .

22. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетілген кезде дұрыс қызмет көрсетпеу мәселелері бойынша шағым Комитетке: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі 8-ші үй, «Министрліктер үйі», 14 кіреберіс, № 767 кабинет, телефон 8 (7172) 74-03-64 мекенжайы бойынша беріледі.

Жұмыс кестесі күн сайын, жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін, демалыс күндері сенбі, ж е к с е н б і .

23. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге қ ұ қ ы ғ ы б а р .

24. Шағым еркін нысанда жасалады.

25. Қабылданған шағымдар Комитеттің кеңсесінде: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, «Министрліктер үйі» 14 кіреберіс мекенжайы бойынша тіркеледі. Шағымның қабылданғанын растайтын құжат: шағымды қабылдайтын адам осы шағымға жауап алу мерзімі мен орнын және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамның байланыс деректерін көрсететін шағымның екінші данасы немесе шағымның көшірмесі болып табылады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі

туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

26. Комитеттің сенім телефоны: 8 (7172) 74-03-24.

«Байланыс саласындағы қызметтерді көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу, лицензия көшірмесін беру» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетіне

к і м н е н

ӨТІНІШ

Қызметтер көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметпен айналысуға
лицензия беруді сұраймын

аумағында _____

Ұйым туралы мәліметтер:

1. Меншік нысаны: _____
2. Құрылған жылы: _____
3. Әділет органдарында тіркеу туралы куәлік: _____

(№, қашан және кім берген)

4. Мекенжай: _____
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон, факс)

5. Есеп айырысу шоты: _____
(е/айырысу №, банк атауы және тұрған жері)

6. Қоса берілетін құжаттар:

1) заңды тұлға үшін – жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмелері;

2) жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушінің жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін

түпнұсқалары берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмелері;

4) өтініш берушінің салық органында есепте тұрғаны туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесі;

5) қызметтің жеке түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырған) көшірмесі;

б) «Байланыс саласындағы қызметтерді көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 513 қаулысымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Жетекші _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мөр орны «___» _____ 20__ ж.

«Байланыс саласындағы қызметтерді
көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу,
лицензия көшірмесін беру» мемлекеттік
қызмет стандартына

2-қосымша

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік мөртаңбасы

МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ

Берілді _____
(толық атауы, орналасқан жері, реквизиттері)

_____ (занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)
Қазақстан Республикасының (Лицензиялау туралы) Заңына сәйкес

_____ (қызмет (әрекет) атауы)
_____ айналысуға
Лицензия қолданылуының айрықша ерекше жағдайы

_____ (Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» Заңының

_____ 4 - б а б ы н а с ә й к е с)

Лицензияны берген орган _____
(лицензиялаушы органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

_____ (лицензия берген орган басшысының

_____ (уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты)

Лицензияның берілген датасы «__» _____ 20__ ж.

Лицензияның нөмірі _____ № _____

Қала _____

«Байланыс саласындағы қызметтерді
көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу,
лицензия көшірмесін беру» мемлекеттік
қызмет стандартына

3-қосымша

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік мөртаңбасы

Мемлекеттік лицензияға қосымша

Лицензияның № _____

Лицензияның берілген уақыты «__» _____ 20__ ж.

Лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына енетін қызметтер және
жұмыстарға лицензия беру тізімдемесі _____

_____ Филиалдар, өкілдіктер _____

_____ (толық атауы, орналасқан жері,

_____ р е к в и з и т т е р і)

Өндіріс базасы _____

_____ (о р н а л а с қ а н ж е р і)

Лицензияға қосымшаны берген орган _____

_____ (лицензияға қосымшаны берген

_____ органның толық атауы)

Басшы (уәкілетті тұлға) _____

(уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты)

Лицензияға қосымшаның берілген датасы «__» _____ 20__ ж.

Лицензияға қосымшаның нөмірі _____ № _____

Қала _____

«Байланыс саласындағы қызметтерді
көрсетуге лицензия беру, қайта рәсімдеу,
лицензия көшірмесін беру» мемлекеттік
қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа мен қолжетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативті мәні | Кейінгі жылғы көрсеткіштің нысаналы мәні | Есепті жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні |
|--|------------------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақыттылығы | | | |
| 1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызмет көрсетудің жағдайы, % (үлес) | | | |
| 2. Сапа | | | |
| 2.1. Қызмет көрсету сапасы үдерісіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |
| 3. Қолжетімділік | | | |
| 3.1. Қызмет көрсету сапасына және тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |
| 3.2. Электронды форматта қолжетімді ақпараттың қызметтері, % (үлес) | | | |
| 4. Шағым беру үдерісі | | | |
| 4.1. Шағым берудің қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар % (үлес) | | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар, % (үлес) | | | |

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2012 жылғы 5 қыркүйектегі

№ 1152 қаулысымен

бекітілген

«Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитетімен (бұдан әрі – Комитет) көрсетіледі. Комитеттің мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, интернет-ресурсы: www.mtc.gov.kz, тел.: 8 (7172) 74-03-64, факс: 8 (7172) 74-03-64.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: толық автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 13-бабының негізінде және «Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 1504 қаулысына сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет стандарты: www.mtc.gov.kz интернет-ресурсында және құжаттарды қабылдау орнында ақпараттық стенділерде орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызмет нәтижесі www.elicense.kz интернет-порталы арқылы электронды нысандағы нөмірлеу ресурсын бөлу немесе нөмірлеу ресурсын алып қою туралы бұйрық (бұдан әрі - Бұйрық), не мемлекеттік қызмет ұсынудан дәлелді бас тарту болып табылады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті қағаз жеткізгіште алуға өтініш білдірген жағдайда Бұйрық электронды нысанда ресімделіп, басып шығарылады және Комитет мөрімен және басшысының қолымен расталады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушылар) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

а) осы стандарттың 11-тармағында көзделген құжаттар пакетімен қоса өтінішті берілген және Комитет кеңсесінде тіркелген кезден бастап - 30 күнтізбелік күнінен аспайды;

б) мемлекеттік қызметті алу үшін электронды сұрау берілген кезден бастап – 30 күнтізбелік күнінен аспайды;

2) электрондық сұрауды қалыптастыру (тіркеу кезінде) мемлекеттік қызметті алушылар өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 15 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) Комитетте күн сайын, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі;

2) www. elicense.kz интернет-ресурсында - тәулік бойы көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алдын ала жазылу, сондай-ақ жеделдетілген қызмет көрсету болмайды.

10. Комитет ғимараты:

1) физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіретін есікпен;

2) құжаттарды қабылдау орнында ақпараттық стенділермен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алушы нөмірлеу ресурсын бөлу кезінде мемлекеттік қызметті алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті алушы ресімдеген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурстарын бөлуге өтініш;

2) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес ресімделген түсіндірме жазба;

3) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыратын органдардан басқа заңды тұлға үшін – жарғының көшірмесі;

4) дара кәсіпкер үшін - мемлекеттік қызметті алушының дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі.

Мемлекеттік қызметті алушы нөмірлеу ресурсын алып қою кезінде мемлекеттік қызметті алу үшін мынадай құжаттарды тапсырады:

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті алушымен ресімделген бірыңғай телекоммуникациялар желісінің нөмірлеу ресурстарын алып қоюға өтініш;

2) нөмірлеу ресурсын бөлу туралы бұйрықтың көшірмесі.

Көрсетілген құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторына қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау префиксін алу үшін Комитетке әр аймақта оператордың болуын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторын таңдау мақсатында желілердің қосылуының стандартты нүктесі болып табылатын оператор желісінің транзитті коммутациялық станциялар тізбесін ұсынуы қажет;

2) байланыс операторына (қызмет провайдеріне) қайта енгізілетін немесе бұрын қолданыстағы қызметтерге қол жеткізу кодын пайдаланып, байланыс қызметтерін көрсететін оператордың «X₁X₂X₃(X₄)» кодын алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсыну қажет: қызметтің толық сипаттамасы; осы қызметті ұйымдастырудың орындылығын негіздеу; ұсынылатын қызметті көрсету әдісінің нақты сипаттамасы; шақыруларды тарифтеу және бағыттау жөніндегі ұсыныстар; Қызметті абоненттеу кезінде байланыс операторымен (қызмет провайдерімен) «(X₄)X₅X₆X₇» қызметтер абоненттерінің логикалық нөмірлері тағайындалады.

Көрсетілген құжаттар қағаз және электрондық тасығыштарда ұсынылады.

12. Құжаттардың үлгілері Комитетте арнайы ақпараттық стенділерде және www.elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында аталған құжаттар Комитеттің кеңсесіне немесе www.elicense.kz интернет-ресурсына ұсынылады.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға құжаттар ұсынылғаннан кейін кіріс нөмірі мен қабылданған күні көрсетілген құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі.

Құжаттар www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы жолданған жағдайда мемлекеттік қызметті алушы электрондық нысанда хабарлама алады.

15. Комитет мемлекеттік қызметті алушыдан құжаттарды алғаннан сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтылығы мен дұрыстығын тексереді.

Құжаттар толық ұсынылмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда Комитет сәйкесінше мемлекеттік қызметті алушыға ұсынылған құжаттарды қарастырудан бас тарту туралы хабарлама береді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады, егер:

- 1) осы аумақтағы нөмірлеу ресурсының шектеулілігі;
- 2) Қазақстан Республикасының нөмірлеу жүйесі мен жоспарына сұратылған нөмірлеу ресурсының сәйкес келмеуі;
- 3) мемлекеттік қызметті алушы қарауға ұсынған құжаттарда қате немесе бұрмаланған ақпараттың болуы;
- 4) байланыс желісін құру схемасы мен байланыс қызметін сипаттау өтінішпен бірге ұсынылған сұратылған нөмірлеу ресурсына нөмірлеу ресурсын пайдалануы болжанатынын көрсету үшін сәйкес келмеуі.

3. Жұмыс істеу қағидаттары

17. Комитеттің мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызметті алушыға әдептілік , көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық және жан-жақты ақпаратты

ұсыну, мемлекеттік қызметті алушының құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында сәйкес жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметті көрсетуші Комитеттің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапасы мен қолжетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері жыл сайын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Комитет басшылары мен функциялары мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты қызметкерлері уәкілетті тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді және шағымды дайындауға жәрдем көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі шағымдану тәртібінің нәтижесі туралы ақпаратты Комитеттің лауазымды тұлғасынан алуға болады, № 767 кабинет, телефон (87172) 74-03-64 не электрондық түрде – kanc@mtc.gov.kz мекенжайына беріледі.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына жазбаша түрде пошта арқылы немесе Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8, 767 кабинет мекенжайы бойынша қолма-қол беріледі, Комитет төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-03-24 не электрондық түрде – kanc@mtc.gov.kz мекенжайына.

Жұмыс кестесі күн сайын, жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап сағат 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

22. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

23. Шағым еркін нысанда жасалады.

24. Қабылданған шағымдар Комитеттің кеңсесіне тіркеледі. Шағымдардың қабылданғанын растайтын құжат шағымның қаралу барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректерін және берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіліп, шағымды қабылдаған тұлғамен

шағымның екінші данасы немесе шағымның көшірмесі болып табылады.

Шағымдарды қарау «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңымен көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырылады.

25. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты: www.mtc.gov.kz интернет-ресурсы және 8 (7172) 74-03-64 телефоны арқылы алуға болады.

«Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитетіне

Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын бөлуге өтініш

1. Өтініш беруші (заңды тұлғалар үшін - толық және қысқаша атауы, жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты).
 2. Ж С Н / Б С Н .
 3. Пошталық мекенжайы.
 4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).
 5. Банк деректемелері.
 6. Байланыс саласындағы уәкілетті органмен берілген лицензиялардың және оның қосымшаларының деректемелері (лицензияланатын байланыс қызметтерін көрсеткен жағдайда).
 7. Желінің толық және қысқартылған атауы (егер болса).
 8. Желіні құруға және пайдалануға жауапты тұлғаның лауазымы, Т.А.Ә.
 9. Сұратылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.
 10. Сұратылатын нөмірлеу ресурсын пайдалануды жоспарлайтын аумақ.
- Өтінімге қоса берілетін құжаттар:
- 1) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес ресімделген түсіндірме жазбасы;
 - 2) заңды тұлғалар үшін – жедел іздестіру қызметін жүргізетін органдардан басқа – жарғының көшірмесі;
 - 3) дара кәсіпкер үшін - өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі.

(өтінімге қол қоюға өкілетті

(лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)

М.О.

«Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды
алып қою» мемлекеттік
қызмет стандартына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитетіне

Бірыңғай телекоммуникация желісінің нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш

1. Өтініш беруші (заңды тұлға үшін - толық және қысқаша атауы, жеке тұлға үшін – тегі, аты, әкесінің аты).
 2. Ж С Н / Б С Н .
 3. Пошталық мекенжайы.
 4. Байланыс деректемелері (телефон, факс, телекс).
 5. Алып қоюға ұсынылатын нөмірлеу ресурсының көлемі.
 6. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш берген аумақ.
 7. Нөмірлеу ресурсын алып қоюға өтініш беру себептері.
- Өтінімге нөмірлеу ресурсын бөлу туралы бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі.

(өтінімге қол қоюға өкілетті

(лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)
т ұ л ғ а н ы ң л а у а з ы м ы)

М.О.

«Нөмірлеу ресурсын бөлу және
нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды
алып қою» мемлекеттік
қызмет стандартына
3-қосымша

Түсіндірме жазбахаты

1. Желінің атауы мен түрі.
2. Желінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін әкімшілік-ұйымдастыру қағидаттары (меншік нысандары, иесі, пайдаланылатын ұйымдар, ұйым – халықаралық оператор, олардың құқықтық және функционалдық қатынастар).

3. Өтінім беру кезіндегі желінің пайдалану дайындығы (немесе пайдаланудың б а с т а у м е р з і м і) .

4. Желі құрудың қысқаша техникалық қағидаттары:

1) құрылымы, оның ішінде қалааралық (халықаралық, аймақішілік) желілермен өзара іс-қимылын жүзеге асыратын элементтер;

2) қалааралық (халықаралық) желілермен түйіндесудің техникалық қамтамасыз ету (желіаралық түйіндесу хаттамалары, тікелей түйіндесу, байланыс арналарының түрлері және оларды ұйымдастыру тәсілдері).

5. Қалааралық және халықаралық байланыс қызметтерін, Интернет желісіне қолжетімділік қызметтерін, IP-телефония қызметтеріне (Интернет-телефония) және байланыстың зияткерлік желілер қызметтеріне ұсыну үшін ұйымдастыру-техникалық дайындығы (шет елдердің түйіндесу желілерінің операторларымен, отандық желілермен немесе транзит беру туралы халықаралық транзиттік тораптармен, халықаралық арналар жабдықтаушыларымен келісімдердің бар болуы, техникалық құралдардың бар болуы және функционалдық дайындығы).

6. Желінің жұмыс істеу ауқымы:

1) желі топологиясы (желімен қамтылатын Қазақстан Республикасының, ТМД елдерінің, басқа да шет елдердің қалалары мен өңірлерінің тізбесі);

2) пайдаланушылардың, оның ішінде қалааралық (халықаралық) байланыс қызметтерін пайдаланатындардың саны;

3) тікелей түйіндесу жүргізілетін шетел желілері мен транзиттік т о р а п т а р ы н ы ң т і з б е с і ;

4) пайдаланушыларға, тапсырыс берілген желімен тікелей түйіндесуі жоқ шетел желілерінің абоненттеріне шығуды ұсыну мүмкіндігі;

5) қалааралық (халықаралық) трафик (кіріс, шығыс);

6) қызметтердің құрамы.

7. Желіні нөмірлеу жоспарын құру қағидаттары.

8. Қызметтерді сипаттау.

Е с к е р т у л е р :

4, 5-тармақтар бойынша мәліметтер өтініш беру кезіндегі жағдайы бойынша жазылады және желіні дамыту жоспары бойынша деректер келтіріледі;

5-тармақ нөмірлеу аймағының «DEF» кодтарын, «DEFX₁» және «DEF X₁X₂» кодтарын, «ҚҚҚ» кодтарындағы «X₁X₂X₃(X₄)» байланыс операторларының (қызметтер провайдерлерінің) кодтарын сұрататын тек операторлар үшін; оператордың таңдау префиксін сұрататын қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары үшін қолданылады;

6-тармақтың 3)-5) тармақшалары нөмірлеу аймағының «DEF» кодтарын, «

DEF X₁» және «DEF X₁X₂» кодтарын сұрататын тек операторлар үшін қолданылады;

Егер бұрын лицензия алуға түсіндірме жазбасында өзгертілсе, 7-тармақ бойынша жаңа нөмірлеу жоспары қосымша қоса беріледі.

«Нөмірлеу ресурсын бөлу және нөмірлерді беру, сондай-ақ оларды алып қою» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа мен қолжетімділік көрсеткіштерінің мәні

| Сапа мен қолжетімділік көрсеткіштері | Көрсеткіштің нормативті мәні | Кейінгі жылғы көрсеткіштің нысаналы мәні | Есепті жылда көрсеткіштің ағымдағы мәні |
|--|------------------------------|--|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. Уақтылығы | | | |
| 1.1. Құжатты тапсырған сәттен бастап қызмет көрсетудің жағдайы, % (үлес) | | | |
| 2. Сапа | | | |
| 2.1. Қызмет көрсету сапасы үдерісіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |
| 3. Қолжетімділік | | | |
| 3.1. Қызмет көрсету сапасына және тәртібі туралы ақпаратқа қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |
| 3.2. Электронды форматта қолжетімді ақпараттың қызметтері, % (үлес) | | | |
| 4. Шағым беру үдерісі | | | |
| 4.1. Шағым берудің қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |
| 5. Сыпайылық | | | |
| 5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанған мемлекеттік қызметті алушылар, % (үлес) | | | |

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

5

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 1 5 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) радиожилік ресурсы пайдаланылатын жердегі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Байланыс және ақпараттандыру комитетінің Байланыс және ақпараттандыру инспекцияларымен (бұдан әрі – Инспекция) және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитетімен (бұдан әрі – Комитет) көрсетіледі. Инспекциялардың мекенжайлары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңының 9-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы және «Жиіліктер белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) иелікке беру, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеу және пайдалану сондай-ақ азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігін есептеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 1641 қаулысы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты: www.mtc.gov.kz интернет ресурсында, сондай-ақ Инспекцияларда орнатылған ақпараттық стендерде орналастырылады.

5. Мемлекеттік қызмет нәтижесі осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ресімделген Қазақстан Республикасында радиожилік спектрін пайдалануға рұқсат беру, немесе радиожилік спектрін пайдалануға кеме станциясына рұқсат беру не мемлекеттік қызметті ұсынудан қағаз тасығышта немесе электрондық түрде www.elicense.kz интернет-ресурсы арқылы «РЖС пайдалануға рұқсат» бөліміндегі дәлелді бас тарту болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

а) осы стандарттың 11-тармағындағы қажетті құжаттарды мемлекеттік қызметті алушымен тапсыру кезінен бастап – 60 күнтізбелік күннен аспайды;

б) жиілік белдеулерін, радиожиліктерді (радиожилік арналарын)

радиожиілік органдарымен келісу жүргізілген жағдайда, келісу жүргізу мерзімі сауал алынған кезден бастап отыз күнтізбелік күннен аспауы тиіс, бұл ретте өтінімді қарау мерзімі қажетті келісулерді жүргізу уақытының ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл отыз күнтізбелік күннен аспауы керек. Іргелес мемлекеттермен (Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аймақтарында) Халықаралық электр байланыс одағының Радиобайланыс Регламентіне сәйкес радиожиіліктерді халықаралық үйлестіру жүргізілген кезде өтінішті қарау мерзімі ұзартылуы мүмкін, бірақ бұл төрт айдан аспауы керек, ол туралы өтініш беруші алдын ала жазбаша түрде хабардар етілуі тиіс;

в) мемлекеттік қызметті алу үшін электрондық сұрау салуды беру сәтінен бастап – 60 күнтізбелік күннен аспайды;

2) өтініш беруші өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін тұтынушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 минуттан аспайды.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету төлем «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 514-бабына сәйкес жүргізіледі.

9. Мемлекеттік қызмет:

1) Инспекцияларда күн сайын, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі;

2) www.elicense.kz интернет-ресурсында - тәулік бойы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде алдын ала жазылу, сондай-ақ жеделдетіп қызмет көрсету жоқ.

10. Инспекция ғимараттары:

1) қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіретін есікпен;

2) құжаттарды қабылдау орындарының ақпараттық стенділермен жабдықталған.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы келесі құжаттардан тұратын өтінімді ұсынады:

1) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі өтініш үш данада (кеме станциясының рұқсатын алу үшін екі данада);

2) сұралып отырған радиожиіліктер белдеулерінің (номиналдың) негіздемесі келтірілетін, жоспарланып отырған радиожелінің (радиотораптардың) мақсаты мен сипаты, пайдаланылатын стандарттар мен хаттамалардың, пайдалануға жоспарланған РЭҚ техникалық ерекшеліктері, байланысты ұйымдастырудың

сызбасы егжей-тегжейлі баяндалатын түсіндірме жазба;

3) осы стандартқа 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша тиісті радиобайланыс түріне белгіленген үлгідегі РЭҚ-қа арналып толтырылған сауалнама (кеме станциялары үшін техникалық деректерімен осы стандартқа 12-қосымшаға сәйкес толтырылған сауалнама);

12. Құжаттардың үлгілері Комитетте арнайы ақпараттық стенділерде және www.elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

Өтініштердің бланкілері және оларды толтыру үлгілері инспекциялардың арнайы ақпарат стендінде және www.elicense.kz интернет-ресурсында орналастырылады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында аталған құжаттар осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша инспекциялардың кеңсесіне, немесе www.elicense.kz интернет-ресурсына ұсынылады.

14. Инспекция кеңсесінің қызметкері құжаттарды қабылдағаннан кейін мемлекеттік қызметті алушыға сәйкес құжаттарды қабылдағаны туралы кіріс нөмірін және өтінішті қабылдау күнін көрсете отырып қолхат береді, ал құжаттар www.elicense.kz интернет-ресурсының, «РЖС пайдалануға рұқсат» бөлімі арқылы қабылданған кезде мемлекеттік қызметті алушыға хабарды электронды түрде береді.

15. Инспекция мемлекеттік қызметті алушыдан құжаттарды алғаннан сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толықтылығы мен дұрыстығын тексереді.

Құжаттар толық ұсынылмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда Инспекция сәйкесінше мемлекеттік қызметті алушыға ұсынылған құжаттарды қарастырудан бас тарту туралы хабарлама береді.

16. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады, егер:

1) өтінім берілген радиожиілік белдеулері (номиналдар) бос болмаған жағдайда;

2) РЭҚ және ЖЖҚ электромагниттік үйлесімділік (бұдан әрі - ЭМУ) алдын ала есебінің қорытындысы теріс нәтиже берген жағдайда;

3) келісу және (немесе) халықаралық үйлестіру рәсімдерінің нәтижелері теріс болған жағдайда.

Өтінімді қабылдаудан бас тарту өтінім берушіні тиісті ескертулерді түзеткеннен кейін қайтадан өтінім беру құқығынан айырмайды.

3. Жұмыс істеу қағидаттары

17. Инспекциялар мемлекеттік қызметті алушыларға әдептілік, көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық және жан-жақты ақпаратты ұсыну,

мемлекеттік қызметті алушы құжаттардың мазмұны туралы ақпараттың сақталуын, қорғалуын және құпиялығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері осы стандартқа 13-қосымшадағы сәйкес сапа және қолжетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Мемлекеттік қызметті көрсететін инспекцияның жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызмет көрсетудің сапа және қолжетімділік көрсеткіштерінің мақсатты мәндерін жыл сайын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінің бұйрығымен бекітеді.

5. Шағымдану тәртібі

20. Инспекция басшылары уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіреді және шағымды дайындауға жәрдем көрсетеді. Инспекциялардың заңды мекенжайлары, телефондары, электрондық пошталары осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда шағым Комитет төрағасының атына жазбаша түрде пошта арқылы немесе Астана қаласы, Есіл ауданы, Министрліктер үйі, Орынбор көшесі, 8, мекенжайы бойынша қолма-қол беріледі, Комитет төрағасының қабылдау бөлмесінің телефоны: 8 (7172) 74-03-24 не электрондық түрде - kanc@mtc.gov.kz мекенжайына.

Жұмыс кестесі күн сайын жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден бастап сағат 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

